

## БОКСТАҒЫ ТЕХНИКАЛЫҚ – ТАКТИКАЛЫҚ ДАЙЫНДЫҚТЫҢ ДЕРБЕСТІГІ

**Шалабаева Л.И.<sup>а</sup>, Шокпаров А.Ж.**

*Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Түркістан, Қазақстан*

*Хат алмасу үшін автор: Шалабаева Л.И. [lolabany84@mail.ru](mailto:lolabany84@mail.ru)*

**Андатпа.** Зерттеу бокстағы техникалық және тактикалық дайындықтың дербестігін сипаттауға арналған. Зерттеу кезінде зерттеу мәселесіне сәйкес тактикалық әрекеттер, формаларға, шешім қабылдау әдістеріне теориялық талдау жүргізілді. Боксшылардың дайындығының техникалық – тактикалық әдістемесінің деңгейлері, негізгі ұстанымдары көрсетілді. Спортшы тұлғасының генетикалық және психологиялық сипаттамалары анықталынды. Спортшы мен бапкер арасындағы қарым – қатынасты жақсарту жолдары, боксшы тұлғасының бойындағы жеңіске қажетті сапаларының (еңбекқорлық, төзімділік, шешім қабылдау, мақсаттылық, әділдік, жауапкершілік, дербестік, өзіне деген сенім) сипаттамасы мен мүмкіндіктері айқындалды. Спортшылар арасында (14-16 жас боксшылары) екі топ алынып, арасында тест пен сауалнама жүргізіліп, нәтижесіне сипаттама беріліп негізгі алынған нәтижелер қорытындыланды. Зерттеуге 39 боксер қатысты. Зерттеу нәтижелеріне сай болашақ дербес әдістеме жасау қажеттілігіне ұсыныс берілді.

**Түйін сөздер:** бокс, 14-16 жас боксшылары, техника – тактикалық дайындық әдістемесі, жеке дербестік, боксшылардың психологиялық ерекшеліктері.

**Кіріспе.** Дене мәдениеті және спорт негізгі амалдарының дамуы, дұрыс негізде ұйымдастырылуы, халықаралық спорт талаптарының жоғарылауы мен өзгеруіне сай оқу – жаттығу үдерісіне талаптың күшеюін қажет етеді. Осыған орай, Қазақстан Республикасы дене шынықтыру мен спорт саласын дамыту үшін арналған 2023-2029 жылдар аралығына арналған дамыту тұжырымдамасында дене тәрбиесі мен спорт саласы бойынша балалар мен студент жастарының қалыпты дамуын қамтамасыз ететін негізгі құжаттар бағыты мен спорт резерві мен халықаралық жарыстарға сапалы спортшыларды дайындау үдерісін нығайту мен дайындық үдерісін материалдық тұрғыда қамтамасыз ету, ғылыми зерттеу мен құқықтық құжатнамаларды күшеуту қажеттілігі бар екені көрсетілген, сонымен қатар спортшыларға болашақ кәсібіне деген ынтасын арттыру мен болашақ спорттық дайындығын шыңдауға деген ұмтылысын нығайту қажеттілігін де алға тартады. Жоғары деңгейлі спортшыларды дайындау үдерісі тікелей мамандарға байланысты екенін көрсетіп, спортшыларды дайындаудағы қолданылатын жеке әдістемелердің санын арттырып және сапасын жоғарылату қажеттілігін, жаттығу жаспарларын сапалы түрде құру керек екендігін айта кеткен [1].

Негізгі тұжырымдамадағы айқын көрсетілген жеке әдістемелердің сапасын көтеру мәселесі аса өзекті деп тануға болады, себебі бапкердің өзіндік дайындық жоспарының болуы, жеке әдістемелерін спортшының жеке мүмкіндіктерін ескеріп арнайы жоспарлы түрде жүргізілген жаттығу жұмыстары

міндетті түрде сапалы нәтижеге жетелейтіні айқын. Біздің бұл зерттеу бокстағы техникалық – тактикалық дайындықтың дербес ерекшеліктеріне теориялық және тәжірибелік талдау жүргізуге арналған.

Еліміздің белсенді, тәртіпке бағынған, патриоттық сезімі бар, жан – жақты дамыған жастарын тәрбиелеуде бокстың маңызы зор. Бапкер өз шәкірттерін тәрбиелеуде техникалық және тактикалық дайындық пен тәрбие жұмысын, боксты күш қолдану емес, нақты спорт түрінде қабылдауды қалыптастыруы қажет. Жалпы спортшының техникалық және тактикалық әрекеттерін тиімді басқаруынан жарыстарда нәтижелі болуы байланысты, осы орайда боксшы үнемі өз техникалық және тактикалық әрекеттерін шыңдауы, жетілдіруі керек. Ол тікелей бапкердің шеберлігі мен жеке жоспарының болуына қатысы бар. Осы негізде біз бокстағы техникалық – тактикалық дайындықтың дербестігін зерттеу өзектілігі айқын екенін көреміз.

**Зерттеу мақсаты:** бокстағы техникалық – тактикалық дайындық мүмкіндіктерін айқындау мен спортшылардың жеке ерекшеліктерін ескеру маңызын көрсету.

Зерттеу мақсатын шешуде төмендегідей **міндеттер** шешу көзделген, бокстағы техникалық және тактикалық дайындық маңызын теориялық негізде анықтау. Техникалық және тактикалық дайындық ерекшеліктерін көрсету. Техникалық және тактикалық дайындық тиімділігін арттыратын психологиялық және эмоционалдық дербестігіне сипаттама беру.

### Материалдар мен әдістер.

Зерттеу мәселесі бойынша шетелдік және отандық ғылыми әдебиеттерге теориялық талдау жүргізіліп, негізгі нәтижелері бойынша сараптама жасалды. Спортшылар арасында (14-16 жас боксшылары) екі топ алынып, арасында тест пен сауалнама жүргізіліп, нәтижесіне сипаттама беріліп негізгі алынған нәтижелер қорытындыланды. Зерттеуге 39 боксер қатысты. Раундтар арасындағы айырмашылықтар біріктірілген 3 x 2 факторлық ANOVA көмегімен зерттелді. Жеңімпаздар мен жеңілгендер арасында раундтар бойынша негізгі әсерлерді анықтау үшін Бонферрони post-hoc талдаулары жасалды. Спортшылардың алғашқы дене дайындығын тексеру үшін тест алынды. Спортшылар арасында сауалнама жүргізілді.

**Нәтижелер.** Авторлар өз зерттеуінде боксшының жеке негіздегі жекпе-жекте дербес стилінің құрамдас бөліктерін көрсеткен: *тактикалық әрекеттер* (ойын барысы, дене қарқыны, нокаутқа түсіретін күшті соққы), *жекпе-жектегі жүргізудің тактикалық формалары* (шабуыл жасау, қарсы соққы беру, қарсы шабуыл жасау, қорғану, аралас ойын), *ойынды жүргізу әдісі* (алыс қашықтықта, орта қашықтықта, жақын қашықтықта), *шешім қабылдау әдістері* (жағдаятты белсенді түрде құру, қолайлы жағдаятты күту, импровизация), зерттеушілердің пайымдауынша боксшының өзіндік тактикасы болуының маңызы зор. Жоғары деңгейдегі спортшының біліктілік деңгейін көтеру үшін үнемі ізденісте болу, жаңаша әдістерді, амалдарды, арнайы оқу-жаттығу үдерісін ұйымдастыру қажеттілігінің болуы. Сонымен қатар, бокс жекпе-жегінің заманауи тенденцияларында қолайлы жағдаят келген сәтте, белсенді және импровизациялық ойын жүргізу. Боксшының техникалық және тактикалық дайындығын үнемі жетілдіру қажеттігі айқын екенін алға тартады [2].

Мақала барысында 17-19 жастағы боксерлердің дене дайындығы кезінде түрлі спорттық іс – шараларды өткізу және оған дайындық деңгейі арнайы дене дайындығын орташадан жоғары көтеруге мүмкіндік бергенін, жарысқа дайындық кезеңінің аз болуы біршама боксерлердің дене дайындығына әсері бар екенін, сонымен қатар жаттықтырушы боксерлердің тек дене сапаларының кешенді даярлығына ғана емес, сонымен қатар психологиялық күй, психологиялық даярлығы мен техникалық – тактикалық даярлығына аса назар бөлгені жөн екенін көрсеткен [3].

Жарыс алдындағы дайындық деңгейіне сай боксшылардың дайындығының техникалық – тактикалық әдістемесі келесідей деңгейлерді қамтитынын өз зерттеуінде (Евграфов И.Е., Кузьмин К.В., Хикматуллин М.С.) көрсеткен. Ол боксшылардың дене сапаларының арнайы және жалпы даму деңгейінің бақылау үдерісі, маневр әрекеттерін игеру деңгейін анықтау үшін тест қолдану үшін даярлық деңгейінің болуы, боксшылардың техникалық – тактикалық даярлығын тиімді ету ұстанымдары,

боксшының тиімді маневр құралдары ретіндегі рингтегі түрлі қозғалыс әдістерін игеру, боксшының оқу – жаттықтыру тәжірибесінде тиімді қолданылған үштікте әрекет етудегі арнайы тапсырмалар үлгісін құру, боксшының өз зейінін жылдам ауыстыру дағдыларын қалыптастыру, маневр техникаларын жетілдіру негізінде оқу – жаттықтыру сабақтарын жүргізу және ұйымдастыру [4].

Ғалымдардың пайымдауынша спорттық жекпе – жектерде спортшының бір жетекші қозғалыс сапасы аз, жекпе-жекте жеңіске жету тек жалпы және арнайы дене дайындығы негізінде іске аспайды, сонымен қатар боксшының техникалық, тактикалық, психологиялық дайындығының маңызы зор. Сондай ақ, жекпе – жек барысында жарыс әрекетін сапалы негізде талдау, спортшының жеке мүмкіндіктері туралы толық ақпарат береді. Содай ақ боксшының жарыс әрекетінің негізгі моделін ұсынады, оның барысында жарыс нәтижелерін талдау, жарыс барысындағы спортшының тактикасы, тактиканы дұрыс іске асыруға арналған техника, техника мен тактиканы іске асыруды қамтамасыз ететін жалпы және дене жаттығуларының болуы, генетикалық (анатомиялық, морфологиялық) және психологиялық (сенсорлық, тұлға қасиеттері, ойлау жүйесі, этностық және мәдени ерекшеліктері) сипаттамалары, қосымша сыртқы әсер ету ретінде (жарыс шарттары, қарсыласының жеке қасиеттері) модель құрылымын анықтаған [5].

Көптеген ғалымдар пікірінше, дайындық сапасы уақытпен өлшенеді, яғни жоғары деңгейлі тәжірибе үшін ұзақ уақытты талап ететін дайындық және дайындық деңгейі келесідей негізгі талаптарға сай ұйымдастырылуы керек: жоғары нәтиже мен шабуылдау мен қорғану әрекеттерінің тиімді болуы, жекпе-жек кезіндегі техникалық амалдарды орындау нұсқаларының әр түрлі болуы, өз қарсыласына тактикалық дайындық деңгейі туралы ақпарат шығынын азайту жолдарын қарастыру. Сонымен қатар бокс техникасын оқытудың негізгі ұстанымдарын көрсеткен: саналылық ұстанымы (боксшының техникалық амалдар құрылымын түсінуге ұмтылысының болуымен сипатталады), белсенділік ұстанымы (бокс техникасын игеруге дербестік таныту), қолжетімділік ұстанымы (жаттықтырушы бақылауы, боксшының техникалық даярлығын есепке алу мүмкіндіктері), дербестік ұстанымы (боксшының жеке мүмкіндіктерін ескеріп арнайы техникалық дайындық деңгейін анықтау), жүйелік ұстанымдары (техникалық амалдарды жүйелі түрде қолдану), талапты деңгейлеп жоғарылату ұстанымы (жаттығу деңгейлерін біртіндеп жоғарылату), бірізділік ұстанымы (оқу материалының өзара байланыстылығы), сабақтастық ұстанымы (ескіден жаңаға қарай қозғалу) [6].

Тұлғаның жеке психологиялық ерекшеліктерін ескеру арқылы дене сапаларының даму әдістемесін көрсеткен, оған сәйкес қалыптастырылатын психикалық қасиеттер: қарым-қатынас деңгейі, эмоционалды тұрақтылық деңгейі, лидерлік

қасиеттер, белсенділік, практикалық, байқампаздық деңгейі, уайымшылдық, өз – өзіне деген сенім, ерік – жігер, психологиялық қысым, әсер етудің салмақты болуының деңгейі [7].

Техникалық және тактикалық дайындық деңгейін үнемі жетілдіру үздіксіз үдеріс, ол боксшының шеберлігіне қатыссыз іске асады. Техникалық – тактикалық дайындық үдерісін жетілдіру бойынша жұмыстар жаттықтыру үдерісіне тікелей байланысты негізде іске асады, оның барысында арнайы дайындық сатылары жүреді: жалпы дайындық сатысы, арнайы дайындық сатысы, жарыс алдындағы дайындық сатысы. Осы негізгі базалық дайындық сатыларын қалыптастырғаннан кейін, боксшының техникалық – тактикалық дайындығын спортшының жеке психологиялық, дене, жеке ерекшеліктерін ескеріп жеке стилін қалыптастыру жалпы жетілдіру үдерісінің негізгі шарттарының бірі болады. Осы орайда әр спортшыға жеке мүмкіндіктерін ескеріп арнайы дайындық бағдарламаларын құру нәтижеге жетелейді, жаттығу сапасын арттырады, спорттық шеберлік деңгейін көтереді, халықаралық жарыстарға қатысып жүлде алуға жетелейді деп көрсеткен [8].

Базалық бокс бойынша техникалық – тактикалық дайындық дене мәдениеті жүйесінің бір бөлігі ретінде, ұйымдастырудың үлгісі ретінде ұсынылған, оның қатарына: арт бокс, олимпиадалық бокс, фитнес бокс, бокстағы спорттық жетілдіру, тұрғылықты орнына сай спорттық бокс [9].

Өз зерттеулерінде теориялық талдау жүргізіп, тәжірибені егжей – тегжейлі түрде талдау барысында спорттағы тактиканың оңтайлығы жалпы негізгі тиктика идеясынан бастау алатынын айтқан. Сонымен қатар, спортшының жеке мүмкіндіктерін, қарсыласының деңгейін ескеру арқылы жекпе жекті жүргізудің жоспарын алдын – ала құру маңыздылығы мен спортшы өз тәжірибесінде үнемі қолданылатын тиімді тактика формаларын қолданған кезде болашақ нәтижені жобалау мүмкіндігі болатындығын көрсеткен. Тактикалық дайындық құрылымының бастауы жаттығу мен мақсатты әрекет болып табылады деп пайымдаған [10].

**Талқылау.** Зерттеу барысында біз бокстан жекпе жектердің видео жазбаларына талдау жасадық, жасалған талдама жеңімпаздар мен жеңізген ойыншылар арасындағы ерекшеліктерді көрсетеді. Жарыс кезіндегі жекпе жектердің барысындағы техникалық және тактикалық элементтерді қолдану ерекшеліктеріне талдау жасап, жеңіс пен жеңілістің негізгі аспектілерін анықтадық. Зерттеуге 66 ер адам боксшының ойындары алынды, оның барысында 33 жекпе жек талданды. Боксшылардың жекпе-жегінен техникалық және тактикалық элементтердің 12 сипаттамасы алынды. Талдама барысы көрсеткендей, жеңімпаз ойыншылардың шабуыл жасау дағдылары жоғары, қорғану техникасы тиімді болды. Осы орайда дене және биомеханикалық айнымалылар арасындағы байланыс мүмкіндігін қарастырған жөн.

Жарысқа қажетті дағдыларды жақсарту үшін спорттық шеберлігін көтерудің тиімді әдістерін, боксшының кенезиологиялық әлеуетін тиімді қолданған жөн. Спортшының дене дайындығы көрсеткіштерін жоғарылату көптеген психологиялық шамаларға тәуелді, оның қатарына адамгершілік, еріктік және этикалық сапалары кіреді. Сонымен қатар спортшы мен бапкер арасындағы қарым – қатынасты жақсарту, боксшы тұлғасының бойында қажетті сапаларды, олардың еңбекқорлығын, төзімділігін, шешім қабылдауын, мақсаттылығын қалыптастыру өз кезегінде спорттық нәтижеге әкеледі деп көрсеткен [11].

Ғалымдардың пікірінше, спорттағы жаттығу тұлғаның жағымды және жағымсыз жақтарын айқындап, жағымсыз жақтарын жою бағытында жұмыс жасау. Авторлар пайымдауынша, түрлі стильді ұстанатын боксшылар өзіндік мінез-құлық ерекшеліктерімен көрінеді. Боксшының қызбалығы, эмоционалды тұрақсыздығы тиімді техникалық әрекеттерді қолдануға кедергі келтіреді. Лезде тәуекелге бел буып шабуылдаушы боксшылар өз әлеуетін дұрыс бағалай алмайды деп пайымдайды, өйткені оларда қобалжу сезімдері басымдық танытады, өз – өзіне деген сенімсіздік сенімін күшейтеді. Дұрыс әрекетті таңдау кезіндегі тез шешім қабылдай алмау, спортшының мақсаттылығы, ерік – жігер сезімдерінің төмендігін көрсетеді [12,13].

Негізгі теориялық және әдіснамалық шарттарды, оқытудың негізгі ұстанымы ретінде қарайтын болсақ, ол бізге жалпы бокс негізін айқын түсінуге мүмкіндік береді. Ол өз кезегінде спортшыларға өз шеберлігін жетілдіру үшін этикалық және адамгершілік, ерік – жігер сапаларының өзіндік даму мен өзін – өзі жетілдірудегі орнын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл шарттар 14-16 жас аралығындағы боксшылар қатысуымен тексерілген, бұл зерттеуді жүргізу үшін екі топ құрылды: 1 – топ 19 спортшы, 2 – топ 20 спортшы.

Біз зерттеу кезінде спортшылардың рухани – адамгершілік, ерік – жігер сапаларын келесі параметрлер арқылы қарастырдық, оның қатарында *сенім*: бағалау көрсеткіштері, 1-5 балл аралығында бағаланды, жоғары деңгей өз қарсыласына жомарттық таныту, қарсыласының өзіндік сенімін арттыру, жас боксшыға өзіндік негізгі дағдыларын дамытуға көмек беру, орта деңгей, тұрақты позиция таныту, жеңіс үшін не әділ екенін анықтап, соған сенім арту, қарсыласымен қарым – қатынас кезінде агрессияны жағымды қабылдау. *Жауапкершілік*: бағалау көрсеткіштері, 1-5 балл аралығында бағаланды, жоғары деңгей жеке әрекеттерін жобалау, өз психологиялық және эмоционалды жағдайын бақылау, орта деңгей, өз жеке әрекеттерін бақылау керек екенін түсіну, төмен деңгей, жеке әрекеттерін бақылай алмау, жағымсыз нәтижені өзгеге жүктеу, өзіндік қателіктерді мойындамау. *Дербестік*: бағалау көрсеткіштері, 1-5 балл аралығында бағаланды, жоғары деңгей оқыту мен жаттығу

үдерісіне жауапкершілікпен қарау, шығармашылық таныту, өз тұлғасын қалыптастыруда дербестік таныту, өзіндік тәртіпті жүргізе алу, орта деңгей, спорттық жаттығуды жоспарлауда нақты өзіндік шешімдерін бағалау және бақылау мүмкіндігі, төмен деңгей, дербес әрекет етуге ұмтылысының болуы, жеке пікірінің болмауы, әрекет етуде сенімсіздік таныту. Жүргізілген зерттеуге сай екі топта да аса өзгешелік болмады.

Сонымен қатар боксшылар арасында төмендегідей сұрақтарға жауап алынды, боксшы жекпе – жек кезінде сенімді қалай түсінеді, бұл сұраққа боксшылардың жауаптарының басым көпшілігі, боксшы өз техникалық және дене мүмкіндіктерін пайдалану арқылы жеңіске жетуге ұмтылуы керек, бұл әділ деп есептейтінін көрсеткен. Келесі сұрақ, алдыңғы сұрақты айқындау үшін қойылды, егер боксшының дене және техникалық дағдылары есеп барысында басымдық берсе, спортшы нокаун немесе нокаут беруге ұмтылады ма, деген сұраққа спортшылар бұл жағдайда қатты соққыны тек (17%) қолданбайтынын көрсеткен. Сонымен қатар, егер боксшы өз қарсыласының жекпе – жекке дайын емес екенін көрсе, оған психологиялық демеу көрсетіп, есін жиоға мүмкіндік береді ма деп сұралды. Ол сауалдың нәтижесінде, 89 % спортшы рингке жеңіс үшін шыққанын айтты, ал 11 % жеңіл жеңіске ұмтылу дұрыс емес деп есептеген. Спортшы үшін әр жекпе – жек өзін сынауға, өзінің техникалық және тактикалық дағдыларын шыңдауға арналған мүмкіндік деп қарау керек.

**Қорытынды.** Боксшының тәуелсіз жекпе-жек стилінің болуы үлкен өзгеріс әкелетіні анық. Бәсекелестік жекпе-жек барысында спортшылар шекті және шекті деңгейдегі бәсекелестік жүктемелерден, сондай-ақ жаудың тактикалық ойлау ерекшеліктерінен үлкен физикалық және психологиялық әсерге ұшырайды. Боксшының денесінің функционалды дайындығымен тең дәрежеде спортшының физикалық және техникалық дайындығы басты орынға шығады. Негізгі соққылардың мөлшері, шабуылдың ерекшелігі, қорғаныс ерекшелігі, ситуациялық белсенділік, ерекше тактика болашақ Сапалы нәтиже мен шеберліктің сипаттамаларын береді. Бокста маманданған спортшыларды көп жылдық даярлау процесінде техникалық-тактикалық даярлықтың құралдары мен әдістері спорттық іс-әрекеттің нақты принциптеріне сәйкес күрделене түседі, мысалы, жүйелілік принципі, педагогикалық әсердің жасқа сәйкестігі принципі, циклдік принцип. Жалпы дайындық, арнайы дайындық және жарыстық жаттығулармен бірге жаттығу сабағында жекпе-жек алдындағы мазасыздық деңгейін төмендетуге және боксшыны ең жоғары жауынгерлік дайындық жағдайына келтіруге бағытталған психологиялық дайындық құралдары қолданылуы керек. Техникалық-тактикалық дайындық процесінде конъюгациялық әсер ету әдістері, жекпе-жектегі өткізудің күрделі шарттарының әдістері, тактикалық іс-қимылдар мен техникалық әдістерді зерделеу және жетілдіру бойынша жаттықтырушымен бірге жұмыс кеңінен қолданылуы керек.

## Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 251 қаулысы. Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спорт саласын дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000251>.
- 2 Крутоус В.В., Махов С.Ю. Совершенствование технико-тактической подготовки боксеров // Автономия личности. - 2021. – №2(25). – С. 72-80. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/sovershenstvovanie-tehniko-takticheskoy-podgotovki-bokserov>.
- 3 Зиннатнуров А.З. Влияние показателей общей и специальной подготовленности боксеров 17–19 лет на результат соревновательной деятельности // Известия ТулГУ. Физическая культура. Спорт. – 2021. – №3. – С. 130-136. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/vliyanie-pokazateley-obshchey-i-spetsialnoy-podgotovlennosti-bokserov-17-19-let-na-rezultat-sorevnovatelnoy-deyatelnosti>.
- 4 Евграфов И.Е., Кузьмин К.В., Хикматуллин М.С. Методика технико-тактической подготовки боксеров-юниоров на предсоревновательном этапе // Проблемы современного педагогического образования. - 2018. - №60-4. – С. 142-146. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/metodika-tehniko-takticheskoy-podgotovki-bokserov-yuniorov-na-predsorevnovatelnom-etape>.
- 5 Гаськов А.В., Кузьмин В.А. Структура и содержание тренировочно-соревновательной деятельности в боксе: Монография. – Красноярск: Краснояр. гос. ун-т., 2004. - 113 с.
- 6 Санников В.А. Теоретическая подготовка бакалавров и магистров по боксу: Монография. – Воронеж, 2019 – 292с.
- 7 Андрущишин И., Сапиев С., Денисенко Ю., Гераськин А. Методические аспекты совершенствования физической подготовки высококвалифицированных боксеров // Теория и методика физической культуры. – 2021. - 63(1). – С. 48–52. [https://doi.org/10.48114/2306-5540\\_2021\\_1\\_48](https://doi.org/10.48114/2306-5540_2021_1_48).
- 8 Басанец С.А., Соколов В.В. Индивидуальная технико-тактическая подготовка боксеров как основа спортивного мастерства // Мировая наука. - 2023. - №2(71). – С. 57-62. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/individualnaya-tehniko-takticheskaya-podgotovka-bokserov-kak-osnova-sportivnogo-masterstva>.
- 9 Бокс. Теория и методика: учебник / под общей редакцией Ю.А. Шулики, А.А. Лаврова. – М.: Советский спорт, 2009. – 768 с.
- 10 Оборин А.В. Планирование тактической подготовки в процессе совершенствования спортивного мастерства // Педагогико-психологические и медико-биологические проблемы физической культуры и спорта. - 2012. - №2(23). - С. 99-104. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/planirovanie-takticheskoy-podgotovki-v-protsesse-sovershenstvovaniya-sportivnogo-masterstva>.
- 11 El Ashker S. Technical and tactical aspects that differentiate winning and losing performances in boxing // International Journal of Performance Analysis in Sport. – 2011. – 11. – pp. 356-364.
- 12 Филимонов В. И. Педагогическая система физической подготовки боксеров: дис. ...д.п.н.:13.00.04 / Национальный государственный университет физической культуры, спорта и здоровья им. П.Ф. Лесгафта. – Санкт-Петербург, 2003. – 479 с.
- 13 Петров А.Г. Формирование индивидуальной техники выполнения основных приемов в боксе / Всероссийская науч.-практич. конф. с междунар. участием «Актуальные проблемы подготовки спортсменов в олимпийских и национальных видах спорта на разных этапах многолетнего совершенствования»: мат. – Чупра, Республика Саха (Якутия): МЦНИП, 2015.– С. 236.

## References

- 1 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 251 қаулысы. Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спорт саласын дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған

- tyzhyrymdamasyñ bekitu turaly <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000251>.
- 2 Krutous V.V., Mahov S.Ju. Sovershenstvovanie tehniko-takticheskoy podgotovki bokserov // Avtonomija lichnosti. – 2021. – №2(25). – S. 72-80. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/sovershenstvovanie-tehniko-takticheskoy-podgotovki-bokserov>.
  - 3 Zinnaturov A.Z. Vliyanie pokazatelej obshhej i special'noj podgotovlennosti bokserov 17–19 let na rezul'tat sorevnovatel'noj dejatel'nosti // Izvestija TulGU. Fizicheskaja kul'tura. Sport. – 2021. – №3. – S. 130-136. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/vliyanie-pokazateley-obshchey-i-spetsialnoj-podgotovlennosti-bokserov-17-19-let-na-rezultat-sorevnovatel'noj-deyatelnosti>.
  - 4 Evgrafov I.E., Kuz'min K.V., Hikmatullin M.S. Metodika tehniko-takticheskoy podgotovki bokserov-juniorov na predsorevnovatel'nom jetape // Problemy sovremennogo pedagogicheskogo obrazovanija. – 2018. – №60-4. – S. 142-146. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/metodika-tehniko-takticheskoy-podgotovki-bokserov-juniorov-na-predsorevnovatel'nom-etape>.
  - 5 Gas'kov A.V., Kuz'min V.A. Struktura i sodержanie trenirovochno-sorevnovatel'noj dejatel'nosti v bokse: Monografija. – Krasnojarsk:Krasnojarsk. gos. un-t., 2004. – 113 s.
  - 6 Sannikov V.A. Teoreticheskaja podgotovka bakalavrov i magistrov po boksu: Monografija. – Voronezh, 2019 – 292s.
  - 7 Andrushhishin I., Sapiev S., Denisenko Ju., Geras'kin A. Metodicheskie aspekty sovershenstvovanija fizicheskoy podgotovki vysokokvalificirovannyh bokserov // Teorija i metodika fizicheskoy kul'tury. – 2021. – 63(1). – S. 48–52. [https://doi.org/10.48114/2306-5540\\_2021\\_1\\_48](https://doi.org/10.48114/2306-5540_2021_1_48).
  - 8 Basanec S.A., Sokorev V.V. Individual'naja tehniko-takticheskaja podgotovka boksjorov kak osnova sportivnogo masterstva // Mirovaja nauka. – 2023. – №2(71). – S. 57-62. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/individualnaya-tehniko-takticheskaya-podgotovka-boksjorov-kak-osnova-sportivnogo-masterstva>.
  - 9 Boks. Teorija i metodika: uchebnik / pod obshhej redakciej Ju.A. Shuliki, A.A. Lavrova. – M.: Sovetskij sport, 2009. – 768 s.
  - 10 Oborin A.V. Planirovanie takticheskoy podgotovki v processe sovershenstvovanija sportivnogo masterstva // Pedagogiko-psihologicheskie i mediko-biologicheskie problemy fizicheskoy kul'tury i sporta. – 2012. – №2(23). – S. 99-104. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/planirovanie-takticheskoy-podgotovki-v-protsesse-sovershenstvovanija-sportivnogo-masterstva>.
  - 11 El Ashker S. Technical and tactical aspects that differentiate winning and losing performances in boxing // International Journal of Performance Analysis in Sport. – 2011. – 11. – pp. 356-364.
  - 12 Filimonov V. I. Pedagogicheskaja sistema fizicheskoy podgotovki bokserov : dis. ...d.p.n.:13.00.04 / Nacional'nyj gosudarstvennyj universitet fizicheskoy kul'tury, sporta i zdorov'ja im. P.F. Lesgafta. – Sankt-Peterburg, 2003. – 479 s.
  - 13 Petrov A.G. Formirovanie individual'noj tehniki vypolnenija osnovnyh priemov v bokse // Vserossijskaja nauch.-praktich. konf. s mezhdunar. uchastiem «Aktual'nye problemy podgotovki sportsmenov v olimpijskih i nacional'nyh vidah sporta na raznyh jetapah mnogoletnego sovershenstvovanija»: mat. – Chupra, Respublika Saha (Jakutija): MCNIP, 2015. – S. 236.

## ИНДИВИДУАЛИЗАЦИЯ ТЕХНИКО-ТАКТИЧЕСКОЙ ПОДГОТОВКИ В БОКСЕ

Шалабаева Л.И.<sup>а</sup>, Шокпаров А.Ж.

Международный университет туризма и гостеприимства, Туркестан, Казахстан

Автор для корреспонденции: Шалабаева Л.И. [lolabany84@mail.ru](mailto:lolabany84@mail.ru)

**Аннотация.** Исследование направлено на индивидуализацию технико-тактической подготовки в боксе. В ходе исследования был проведен теоретический анализ тактических действий, форм и способов принятия решений в соответствии с задачей исследования. Показаны уровни и основные положения методов технико-тактической подготовки боксеров. Определены генетические и психологические особенности личности спортсмена. Определены пути совершенствования взаимоотношений спортсмена и тренера, характеристики и возможности качеств боксера, необходимых для результативности в боксе (трудолюбие, выносливость, принятие решений, целеустремленность, справедливость, ответственность, независимость, уверенность в себе). В ходе исследования были взяты две группы спортсменов (боксеры 14-16 лет), среди них проведены тесты и опросник, описаны результаты и обобщены основные результаты. В исследовании приняли участие 39 боксеров. Было высказано предложение о необходимости создания в будущем независимой методики по результатам исследования.

**Ключевые слова:** бокс, боксеры 14-16 лет, методика техника - тактической подготовки, индивидуализация, психологические особенности личности боксеров.

## INDIVIDUALIZATION OF TECHNICAL AND TACTICAL TRAINING IN BOXING

Shalabayeva L.<sup>a</sup>, Shokparov A.

International University of Tourism and Hospitality (Turkistan, Kazakhstan)

Corresponding author: Шалабаева Л.И. [lolabany84@mail.ru](mailto:lolabany84@mail.ru)

**Abstract.** The study is aimed at individualizing technical and tactical training in boxing. During the study, a theoretical analysis of tactical actions, forms and methods of decision-making was carried out in accordance with the research objective. The levels and main provisions of the methods of technical and tactical training of boxers are shown. The genetic and psychological characteristics of the athlete's personality are determined. The ways to improve the relationship between the athlete and the coach, the characteristics and capabilities of the qualities of a boxer necessary for performance in boxing (hard work, endurance, decision-making, determination, fairness, responsibility, independence, self-confidence) have been identified. During the study, two groups of athletes were taken (boxers 14-16 years old), tests and a questionnaire were conducted among them, the results were described, and the main results were summarized. 39 boxers took part in the study. It was suggested that in the future an independent methodology should be created based on the results of the study.

**Key words:** boxing, boxers 14-16 years old, methodic of technical-tactical training, individualization, psychological characteristics of the personality of boxers.